

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**



**ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
2021-2025 жылдарға арналған  
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ ЖАСТАР САЯСАТЫ  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**НҰР-СҰЛТАН 2021**

Еуразия гуманитарлық институты  
Ғылыми кеңесінің  
2020 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 5 хаттамасымен  
бекітілген

**ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
2021-2025 жылдарға арналған  
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ ЖАСТАР САЯСАТЫ  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

НҰР-СҰЛТАН 2021

**Еуразия гуманитарлық институтының 2021-2025 жылдарға арналған тәрбие жұмысы және жастар саясаты бағдарламасы // А.Қ. Құсайыновтың редакторлығымен. – Нұр-Сұлтан: ЕАГИ баспасы, 2021. – 31 б.**

ЕАГИ-дің 2021-2025 жылдарға арналған тәрбие жұмысы және жастар саясаты бағдарламасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен (07.07.2020 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III), Қазақстан Республикасының 2015 ж. 9 ақпанындағы № 285-V «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңына, Қазақстан Республикасының 2015 ж. 18 қарашасындағы № 410-V заңына, (2016 ж. қаңтардың 1-інде күшіне енді) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы», «Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 42-VI), Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген), қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасымен (Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 147 Жарлығымен бекітілген), Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы (Президент Әкімшілігімен мақұлданған және 2010 жылғы 29 сәуірде Үкіметке жіберілген), Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» (ҚР Президентінің 2014 ж. 26 желтоқсанындағы № 986 Жарлығы) стратегиясына, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айкындықты қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа (ҚР БҒМ 2020 жылғы 4 мамырдағы №174 бұйрығы) сәйкес әзірленді.

Бағдарламада Еуразия гуманитарлық институты дамуының стратегиялық басымдықтары қарастырылған, институттың тәрбие жұмысы мен жастар саясатының соңғы нәтижеге бағытталған, ұйымдастырушылық, басқарушылық, әлеуметтік, технологиялық аспектілері ұсынылған.

© ЕАГИ, 2021

© «Фарос - графикс» ЖШС, 2021

## МАЗМҰНЫ

Бағдарламаның төлқұжаты.....	5
Кіріспе.....	10
<b>Бірінші басымдық.</b> Бәсекеге қабілеттілікті арттырудың қазақстандық стратегиясын іске асыру саласында білім жүйесін қалыптастыру; мемлекеттің жаңа әлемдегі жетістіктеріне деген патриотизм мен мақтаныш сезімін тәрбиелеу; студенттерді құқықтық мәдениетке және сауаттылыққа тәрбиелеу.....	11
<b>Екінші басымдық.</b> Мемлекеттік тілдер саласындағы саясат мен этносаясатты жан-жақты түсіндіру, ұлтаралық келісім мен түрлі этностардың мәдениеті, дәстүріне құрметпен қарауды насихаттау, студенттер арасында ұлтаралық кикілжіңге жол бермеу.....	13
<b>Үшінші басымдық.</b> Студенттерде сыбайлас жемқорлыққа байланысты азаматтық орын тұрақтылығының ұстанымдарын қалыптастыру үшін қажетті қабілеттерді дамытуға және құндылықты нұсқаулықтарды білуге және академиялық адалдық қағидаларын сақтау, студенттік ортада парасаттылық қатынастарын дамытуға тәрбиелеу.....	15
<b>Төртінші басымдық.</b> Студенттерде деструктивті діни идеологияға деген иммунитетті дамыту, діннің қоғамдағы рөлі мен орнын түсіну.....	18
<b>Бесінші басымдық.</b> Әлеуметтік-саяси құзыреттілікті қалыптастыру, деструктивті саяси идеялардың жастар арасында таралуын болдырмау, мемлекеттік саясатты қолдауды қамтамасыз ету.....	19
<b>Алтыншы басымдық.</b> Жастар арасында адамгершілік құндылықтары жүйесін жетілдіру (еңбексүйгіштік, кәсіби шеберлік, белсенділік, алғырлық, заңды сақтаушылық, сыни ойлау, бастамашылық, креативтілік және бәсекеге қабілеттілік, экономикалық және әлеуметтік, мобильділік, жаңаны тануға және жасампаздыққа, ұмтылушылық, үздіксіз өз бетінше білім алуға және өзін-өзі танытуға даяр болу) гендерлік теңдік	

қағидаттарын сақтау, отбасының беделін арттыру және отбасылық құндылықтарды дамыту.....	21
<b>Жетінші басымдық.</b> Студенттердің кәсіби, ұйымдастырушылық, басқарушылық және Кәсіпкерлік құзыреттерін дамыту, студенттердің қаржылық сауаттылығын қалыптастыру, өзіндік инновациялық қызмет дағдыларын қалыптастыру, танымға, ізденіске, мамандыққа деген қызығушылыққа тәрбиелеу.....	23
<b>Сегізінші басымдық.</b> Денсаулықты сақтайтын салауатты өмір салты ортасын қалыптастыру, студент жастардың жағымсыз әлеуметтік әрекетін болдырмау, лудоманияның, интернет – алаяқтықтың, отбасылық – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу .....	25
<b>Тоғызыншы басымдық.</b> Азаматтық ұстаным мен әлеуметтік белсенділікті қалыптастыруға, жалпыадамзаттық құндылықтарды нығайтуға, әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыруға, жеке өсуге, өзін-өзі ұйымдастыруға, адалдықты, әділдікті тәрбиелеуге, ынтымақтастықты, өзара көмекті, толеранттылықты, эмпатияны, қоғамдағы еңбексүйгіштік пен қайырымдылықты дамытуға ықпал ететін волонтерлік қозғалысты дамыту.....	27
Қорытынды.....	30

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

### *Атауы*

Еуразия гуманитарлық институтының 2021-2025 жылдарға арналған тәрбие жұмысы және жастар саясаты бағдарламасы (ары қарай Бағдарлама).

### *Әзірлеменің негіздемесі:*

- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы»;

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III өзгерістер мен толықтырулармен 07.07.2020 ж.);

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасының «Қазақстан республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы;

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңы;

- «Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңы;

- Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы;

- Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы;

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт.

*Бағдарламаны әзірлеу барысында келесі жағдайлар ескерілді:*

- Жеке тұлғаның базалық қажеттіктерінің дамуы арқылы үздіксіз дамуы үшін жағдай туғыза отырып, тәрбиеге ашық жүйе сипатын беретін қоғам арқылы тәрбие ісі нәтижелері мен мақсаттары жүзеге асады;

- Білім беруді жүзеге асыру жеке тұлғаның кәсіби және жеке тұлғаның өзін-өзі билеуі мен өзін-өзі тануында азаматтық қалыппен анықталады, жеке тұлғаның тікелей қажеттіліктері мен оның даму мүмкіндігін есепке алуда қалыптасатын жеке тұлғаның қажеттіліктерінің уәждемелік талаптарын негізге алады.

*Негізгі әзірлеуші*

Еуразия гуманитарлық институты

*Мақсаты*

Белсенді азаматтық ұстанымы, әлеуметтік жауапкершілігі, патриоттық сезімі, жоғары рухани-адамгершілік және көшбасшылық қасиеті бар, сыни ойлайтын интеллектуалды халық қалыптастыруға жағдай жасайтын «тұлға-қоғам- мемлекет» жүйесі интеграциясын ойдағыдай қамтамасыз ету.

*Еуразия гуманитарлық институты іс-қимылының басым бағыттары:*

- Қазақстандық стратегия дамуы аясында білім жүйесін қалыптастыру; жаңа заманда мемлекеттік жетістіктер үшін абырой сезімі мен отансүйгіштікке тәрбиелеу; студенттерді құқықтық мәдениет пен сауаттылыққа тәрбиелеу;

- Тілдер саласындағы мемлекеттік саясат пен этносаясатты жан-жақты түсіндіру, әр түрлі халықтар дәстүрі, мәдениетіне құрмет пен этносаралық келісімді насихаттау, студенттік ортада этносаралық

келіспеушілікке жол бермеу;

- студенттерде сыбайлас жемқорлыққа байланысты азаматтық орын тұрақтылығының ұстанымдарын қалыптастыру үшін қажетті қабілеттерді дамытуға және құндылықты ұстанымдарға тәрбиелеу, академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру, студенттік ортада парасаттылық қатынастарын дамыту;

- студенттерде діни идеологияға, қоғамдағы діннің орны мен маңызын түсінуді дамыту;

- әлеуметтік-саяси құзыреттілікті қалыптастыру, студенттік ортада бүлдіргіш саяси ойлардың таратылуын тоқтату, мемлекеттік саясатты қолдауды қамтамасыз ету;

- Жастар арасында адамгершілік құндылықтары жүйесін жетілдіру (еңбексүйгіштік, кәсіби шеберлік, белсенділік, алғырлық, сыни ойлаушылық, заңды сақтаушылық, бастамашылық, креативтілік және бәсекеге қабілеттілік, экономикалық және әлеуметтік, мобильділік, жаңаны тануға және жасампаздыққа, ұмтылу-шылық, үздіксіз өз бетінше білім алуға және өзін-өзі танытуға даяр болу);

- студенттердің кәсіби, ұйымдастырушылық, басқарушылық және кәсіпкерлік құзыреттерін дамыту, өзіндік инновациялық қызмет дағдыларын қалыптастыру, танымға, ізденіске, мамандыққа деген қызығушылыққа тәрбиелеу;

- салауатты өмір салтының денсаулықты сақтау ортасын қалыптастыру, студенттік жастарда бейәлеуметтік мінез-құлықты тоқтату;

- азаматтық ұстаным мен әлеуметтік белсенділікті қалыптастыруға, жалпыадамзаттық құндылықтарды нығайтуға, әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыруға, тұлғалық өсуге, өзін-өзі ұйымдастыруға, адалдықты, әділдікті тәрбиелеуге, ынтымақтастықты, өзара көмек көрсетуді, толеранттылықты, эмпатияны, қоғамдағы еңбексүйгіштік пен қайырымдылықты дамытуға ықпал



ететін волонтерлік қозғалысты дамыту.

### *Міндеті*

Мақсаттар мен басымдықтарға қол жеткізу бағытталған міндеттерді шешуді талап етеді:

- институтта ЖОО кеңістігі субъектілерінің оған идеологиялық жағынан екшелген шараларды қосуға, студенттерді бірінші курсты бітіргенше педагогикалық қолдауды қамтамасыз етуге бағытталған келісімді жұмысын көздейтін тәрбие кеңістігін мақсатты түрде ұйымдастыруға;

- ғылымды, білімді, мәдениетті және инновациялық қызметті басым дамытуға;

- студенттердің бойында отансүйгіштікті, берік рухани және адамгершілік негізді қалыптастыруға;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеуге, академиялық адалдық және парасаттылық қағидаттарын қалыптастыруға;

- деструктивті діни идеологияға иммунитетті, ақпараттық қауіпсіздік дағдыларын дамытуға;

- тұлғаның өзін таныта алуына, жастардың интеллектуалды және физикалық дамуына жағдай жасауға;

- жастардың оң қоғамдық бастамашылығын қолдау мен ынталандыруға;

- тәрбие жұмысын алдағы уақытқа жоспарлап отыру үшін және белгілі бір кезеңде оның қорытындыларын шығарып отыру үшін студенттер өмірінің бар қырына жүйелі мониторинг жасауды қамтамасыз етуге;

- студенттердің өзін-өзі басқару, студент жастардың өзін-өзі тәрбиелеуіне қажет әлеуметтік өріс ретінде жастар ұйымдары қызметі белсенділігін арттыруға, азаматтық ұстанымын, өз мұраты мен ниетін қоғамда іске асыру арқылы әлеуметтік ортаға деген олардың жауапкершілік көзқарасын қалыптастыруға бағытталған міндеттерді шешуді талап етеді.

*Жүзеге асырылу мерзімі*  
2021-2025 годы

*Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері*  
Еуразия гуманитарлық институтының өз қаржы - қаражаты

*Күтілетін нәтиже:*

Бағдарламаны жүзеге асыру:

- студент жастардың мемлекеттік саясатты, ел дамуының стратегиялық жоспарын, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауының негізгі ережелерін жүзеге асырудағы азаматтық белсенділігі мен әлеуметтік жауапкершілігінің жоғары деңгейін;

- институттың студент жастарын қазақстандық патриотизмге, рухани-адамгершілік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетке тәрбиелеу, сыни ойлау мен кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру жүйесінің тиімділігі;

- жастар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың азаюы;

- студенттердің адамгершілікті құндылықтар жүйесін меңгеруін және жаңа буын мамандарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- институттың қоғамдық және мәдени өміріне, волонтерлік қызметке қатысуға жастардың оң уәждерін өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі дамыту, қоршаған ортаға ұқыпты қарау.

## КІРІСПЕ

Жоғары білім берудің мақсаты өзін-өзі танытуға бейім, өз әрекетін азаматтық қоғам нормаларымен сәйкестендіре алатын тұлға қалыптастыру болып табылады.

Білімділік сан алуан мәселелерді шешуге және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді, мысалы:

- түрлі әлеуметтік институттардың қатар өмір сүруі шеңберінде ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету;

- кәсіби қызмет жетістігіне кепілдік, оның аясы мен сапасын кеңейту;

- түрлі этностың мәдениеті мен дәстүріне құрметпен қарауға баулу;

- маңызды әрі қалаған нәтижелерге қол жеткізу, қателіктердің алдын алу;

- деструктивті діни идеологияға деген иммунитетті дамыту;

- құндылықтардың адамгершілік жүйесін қалыптастыру;

- әлеуметтік мәртебеге, табысқа, игілікке, абырой-беделге қол жеткізу, қалаған жұмыс жағдайын және органы қамтамасыз ету, т.б.

Сөйтіп, жас ұрпақ білім арқылы жалпы адамзаттық және ұлттық мәдениетті кең мағынасында игереді.

Қазіргі әлемде білім өмір сүру салтына әсер етеді, ол оның қуатты мәдени және гуманитарлық әлеуетімен түсіндіріледі. ЖОО-дағы оқу үдерісінде студент өзінің дүниені тануын ұлғайтады, оның өзіндік тәртібі, нормаларды таңдауы, басымдықтарды қоя білуі, құндылықтардың адамгершілік жүйесі, уәждемелер қалыптасады.

ЖОО түлегі қазіргі жағдайда кәсіби білімді, шеберлік пен дағдыны ғана емес, оның өз шығармашылық әлеуетін іс жүзінде ойдағыдай іске асыра алуына мүмкіндік беретін

белгілі бір көшбасшылық сапаны да меңгеруі тиіс.

Еуразия гуманитарлық институтының тәрбие жұмысы және жастар саясаты бағдарламасы Қазақстанның 2050 жылға дейін даму стратегиясын іске асыруға бағытталған.

## **БІРІНШІ БАСЫМДЫҚ**

**Бәсекеге қабілеттілікті арттырудың қазақстандық стратегиясын іске асыру саласында білім жүйесін қалыптастыру; мемлекеттің жаңа әлемдегі жетістіктеріне деген патриотизм мен мақтаныш сезімін тәрбиелеу; студенттерді құқықтық мәдениетке және сауаттылыққа тәрбиелеу**

### **Ұсынылады:**

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тарихи сананы, белсенді азаматтық-патриоттық ұстанымды қалыптастыру, мәдени деңгейді арттыру және рухани-адамгершілік құндылықтарды дамыту («Философия», «Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Әлеуметтану», «Саясаттану», «Мәдениеттану», «Психология», «Педагогика», «Кәсіпкерлік, экономика және жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері», «Дінтану» және т.б. оқу пәндері);

- студенттердің ғылыми конкурстарға, конференцияларға және пәндік олимпиадаларға, патриоттық акцияларға; өткен және қазіргі уақыттағы еліміздің маңызды тарихи-мәдени жетістіктеріне арналған іс-шараларға қатысуы;

- студенттердің Ұлттық музейге, ҚР Тұңғыш президенті музейіне, «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешеніне, және т.б. баруы);

- «Қазақстандық жол», «Қазақстандық бәсекеге қабілеттілік Стратегиясы», «Болашаққа ұмтылған қадам – бұл білім экономикасына жасалған қадам», «Заманауи әлем және Қазақстан», «Қазақстанның жаһандық әлемдегі Стратегиясы» тақырыптары бойынша пікірталас отырыстарын өткізу;

- «тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен дамуындағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тарихи рөлі мен сіңірген еңбегі», «Туған ел» тақырыбында бейне-роликтер конкурсын өткізу;

- студенттердің құқықтық мәдениетін тәрбиелеу (тақырыптық кураторлық сағаттар, дөңгелек үстелдер, пікірталас алаңдарын өткізу);

- халықаралық қатынастар теориясындағы ғылыми білімді қалыптастыру («Кәсіпкерлік, экономика және жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері», «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәндерін оқыту шеңберінде «Қазақстан бәсекелестік әлемінде», «Қазақстан жаңа әлемде: бүгінгі мен ертеңі» және т.б. тақырыптар бойынша дәрістер өткізу);

- ЕАГИ басшылығының студент жастармен және профессорлар-оқытушылар құрамымен кездесуін ұйымдастыру;

- мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша студенттік өзін-өзі басқару ұйымының қызметіне қолдау көрсету;

- жастардың құқығы мен заңды мүддесін қорғауға бағытталған ғылыми зерттеулердің белсенділігін арттыру;

- республикалық мерзімді басылымдарда ЕАГИ-дің жетістіктері туралы мақалалар жариялау;

- Омбудсмен институты қызметкерлерімен студент жастардың әлеуметтік құқығы мен мүддесін қорғау мақсатында кездесулер ұйымдастыру;

- Қазақстан студенттер Альянсының іс-қимыл жоспарын іске асыруға қатысу;
- студенттерді институт туралы, республикалық және қалалық оқиғалар туралы тұрақты ақпараттандырып отыру үшін институт интернет-сайтын жаңартып отыру.

## **ЕКІНШІ БАСЫМДЫҚ**

**Тілдер және этносаясат саласындағы мемлекеттік саясатты жан-жақты түсіндіру, этносаралық келісімді және түрлі этностардың мәдениетіне, дәстүрлеріне құрмет көрсетуді насихаттау, студенттік ортада этносаралық жанжалдарға жол бермеу**

### **Ұсынылады:**

- студент жастар арасында тәрбие жұмысын жандандыруға, азаматтық сана-сезімді, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған іс-шараларға қатысу;
- көпұлтты еліміздің жетістіктерін ғылыми, рухани-адамгершілік тұрғыдан қабылдау және олардың жалпы жетістіктеріндегі рөлі мақсатында Қазақстанның түрлі этностарының ұлттық, мәдени-тілдік орталықтарымен және шығармашылық ұжымдарымен белсенді өзара іс-қимыл жасау;
- «Жастар жалыны» шығармашыл студент жастар фестивалі аясындағы іс-шараларға қатысу»;
- «Әлем және жастар» лекториясы аясында жастардың азаматтылығы мен патриотизмін дамытуға арналған конференциялар, дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізу»;
- жастар ұйымдары өткізетін іс-шараларға, конкурстарға, семинарларға, мастер-класстарға қатысу;
- мемлекеттік тіл және этносаясатты түсіндіру бойынша

ректорат және деканат өкілдерімен студенттердің жиналыс-кездесулерін ұйымдастыру және өткізу;

- мемлекеттік тіл, этносаясат және әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша жастар үшін өзекті мәселелер бойынша студенттер арасында дебаттық турнирлерге қатысу;

- жастар мәселесі бойынша дөңгелек үстелдер, пікірталас алаңдарын дайындау және өткізу;

- студенттермен Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауын талқылауға арналған кураторлық жиналыстар өткізу;

- прокуратура, сот, ПМ органдарының қызметкерлерімен ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша кездесулер өткізу;

- ҚР-дың Тұңғыш Президенті мұражайына, ҚР-дың Ұлттық музейіне, «Атамекен» Қазақстан картасы» этномемориалдық кешеніне, «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін мен тоталитаризм құрбандарының мұражай-мемориалдық кешеніне, С.Сейфуллин мұражайына бару;

- қоғамдық белсенділікті ояту және әркімнің жеке жетістігінің мүмкін негізі ретінде басқа тілдерді іс жүзінде меңгеруге қызығушылық таныту мақсатында тіл және жастар саясатына қатысты республикалық және қалалық оқиғалар туралы студенттерді жүйелі түрде хабардар ету;

- жергілікті ұлтқа жатпайтын студенттердің арасында қазақ тілін білу бойынша конкурстар ұйымдастыру және өткізу;

- «Еуразия Наурызды қарсы алады» дәстүрлі фестивалін өткізу;

- Қазақстан халқы тілдерінің қалалық фестивалі аясында дәстүрлі қазақ тілі апталығын өткізу;

- қазақ, ағылшын, француз, неміс және қытай тілдері клубтарының жұмысын қолдау және дамыту;

- дәстүрлі шетел тілдері апталығын ұйымдастыру және өткізу;

- педагогикалық олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу;
- мемлекеттік тіл және ұлт саясатына арналған интернет-сайттарға мониторинг жүргізу.

## **ҮШІНШІ БАСЫМДЫҚ**

**Құндылық бағдарларын тәрбиелеу және студенттердің бойында сыбайлас жемқорлыққа қатысты азаматтық ұстанымның орнықтылық қағидаттарын қалыптастыруға қажетті қабілеттерді дамыту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру, студенттік ортада парасаттылық қатынастарын дамыту**

### **Ұсынылады:**

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашасындағы № 410-V заңын, (2016 жылғы қаңтардың 1-інде күшіне енеді) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы», Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» (Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсанындағы № 986 Жарлығы) стратегиясын, 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заңын (2016 жылғы қаңтардың 1-нен күшіне енеді), 2014 жылғы қарашаның 11-інде бекітілген «Нұр Отан» партиясының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» бағдарламасын, ЕАГИ Академиялық адалдық кодексін түсіндіру бойынша «Әлем және жастар» дәрістері отырыстарына қатысу;



- «Сыбайлас жемқорлық – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің қауіп-қатері» тақырыбында студенттерге кураторлық сағаттар өткізу;

- Студенттердің ҚР сыбайлас жемқорлықпен күрес стратегиясын түсіндіру бойынша құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесу;

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру;

- «Елдегі сыбайлас жемқорлыққа төзбеушіліктің ары қарай дамуының мәні туралы» студенттік өзін-өзі басқару көшбасшыларына әңгіме циклдерін ұйымдастыру және өткізу;

- ЕАГИ парасаттылық мектебінде студенттерді академиялық адалдық, парасаттылық стандарттары мен қағидаттарына оқыту;

- ЖОО-ның «Жас ұрпақ» газетінде сыбайлас жемқорлық туралы мақалаларды жариялау;

- «Таза сессия» жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жобасы аясында студенттердің әлеуметтік зерттеулер мен сауалнамаларға қатысуы;

- парақорлықпен күрес мәселелері бойынша сұрақтарды талдауға студенттік ғылыми үйірмелер отырыстарын, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы әрекет ету үшін қажетті шараларды өткізу;

- республикалық акцияларға қатысу: «Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні», «Адалдық сағаты», «Парасаттылық сағаты» бірыңғай сағаты;

- студенттерді «Саналы Ұрпақ» студенттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы клубының қызметіне тарту;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша флеш-мобтарға қатысу;

- Студенттер қатарына қабылдау, КТК, Студенттік көктем, Педагогикалық олимпиада іс шараларын өткізу аясында бір номинация ретінде сыбайлас жемқорлық тақырыбын қамту;

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат және білім беру» тақырыбы бойынша ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Департаментімен, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасымен бірлесіп дөңгелек үстелдер, дебаттар өткізу;

- оқу цикліне «Кәсіпкерлік, экономикалық теория және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәнін енгізу»;

- «Нұр-Сұлтан қаласының Жастар бірлігі апталығы» бағдарламасы аясында «Студенттер сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атты плакаттар байқауын ұйымдастыру және өткізу»;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық моделін дамытуға ықпал ететін «Астана – адалдық алаңы» жобасының «Адалдық аумағы» бағытын іске асыру;

- студенттердің әдеп, Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің, академиялық сапа жөніндегі кеңестің, тәртіптік комиссияның, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс тобының, «Таза сессия» акциясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі штабтың қызметіне мүше ретінде қатысуы.

## **ТӨРТІНШІ БАСЫМДЫҚ**

**Студенттердің бойында деструктивті діни идеологияға қарсы иммунитетті дамыту, діннің қоғамдағы орны мен рөлін түсіну, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу**

### **Ұсынылады:**

- жастардың деструктивті діни идеологияға тұрақты мәдени-рухани иммунитетін қалыптастыру мақсатында әрбір халықтың мәдениетіндегі діндердің тарихы мен рөлі бойынша қазіргі заманғы ғылыми түсініктері мен білімдерін тереңдету жөнінде профессорлар-оқытушылар құрамының қатысуымен дөңгелек үстелдер, пікірталас алаңдарын өткізу;

- оқу үрдісінің тақырыптық шеңберінде рухани орталықтарға (мешіттер, храмдар, синагогалар, рухани қызметтерге қатысу мүмкіндігі бар шіркеулер), «еске алу орындарына» студенттердің таныстыру экскурсияларын ұйымдастыру»;

- студенттер арасында толеранттылық пен діншілдік деңгейін анықтау бойынша әлеуметтік сауалнамалар жүргізу;

- ЖОО-ның «Жас ұрпақ» газетінде тақырыптық мақалалар жариялау;

- Рухани келісім күні шеңберінде іс-шаралар ұйымдастыру;

- студенттерді деструктивті діни идеологияға қарсы иммунитетке тәрбиелеу мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының, ҚР Әділет министрлігінің, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің, Нұр-Сұлтан қаласы Дін істері басқармасының, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасының, қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен, Қазақстан үшін дәстүрлі дін

өкілдерімен кураторлық сағаттар, кездесулер өткізу;

- ҚР аумағында мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп деструктивті діни ұйымдардың, миссиялардың, шіркеулердің қызметін түсіндіру бойынша студенттерге арналған буклет-жадынамаларды таратумен семинарлар өткізу;

- жалпы адам мен қоғамға қауіп төндіретін жалған діни ілімдер мен деструктивті табыну жайында студент жастарды ақпараттандыруға бағытталған түсіндіру, кең көлемді ағарту шараларын жүзеге асыру;

- діни сана, экстремизм мен терроризм мәселелері бойынша фокус-топтар өткізу;

- жастарды діни идентификациялау бойынша сектораралық перспективалы формалар мен әдістерді жүйелі зерделеу, анықтау және енгізу;

- төтенше жағдайда қалай әрекет ету туралы АҚ және ТЖ қызметтерінің қызметкерлерімен әңгімелер өткізу;

- жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаментінің жауапты қызметкерлерімен әңгімелер ұйымдастыру;

- студенттік топтарда лаңкестік пен экстремизмнің басқа да әрекеттеріне қарсылық жасау жөнінде ҰҚК-нің жауапты қызметкерлерімен әңгімелесу ұйымдастыру;

- нәсілдік кемсітушілік, неофашистік және экстремистік топтар әрекеттерінің мәселелеріне қатысты кураторлық сағаттар, әңгімелесу циклдерін, конференцияларды өткізу.

## **БЕСІНШІ БАСЫМДЫҚ**

**Әлеуметтік-саяси құзыреттілікті қалыптастыру, жастар арасында деструктивті саяси идеялардың таралуын болдырмау, мемлекеттік саясатты қолдауды**

## **қамтамасыз ету, электоралдық мінез-құлықты қалыптастыру**

### **Ұсынылады:**

- жыл сайынғы «Ғылым және жаңа ұрпақ» атты ғылыми студенттік конференцияны өткізу;

- оқытушылар мен студенттердің әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша педагогтермен, заңгерлермен, «Психологтардың қазақ ассоциациясы» ҚҰ дағдыланушы психологтарымен студенттермен кездесу циклін ұйымдастыру;

- жастардың құқықтары, жеңілдіктері мен әлеуметтік қорғалуы туралы заң актілерін зерделеу және түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

- әлеуметтік қолдауға мұқтаж студент жастарға әлеуметтік көмек көрсету, мүмкіндігі шектеулі жастар мен балалар үйі тәрбиеленушілерінің құқықтары мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;

- «Менің Отаным – Қазақстан», «Бұл біздің туымыз!», «Бұл біздің әнұранымыз!», «Қазақ тілі - Ана тілі» акцияларына қатысу;

- ҚР-дың мемлекеттік рәміздеріне арналған жалпы республикалық Жастар форумы мен акцияларына қатысу;

- Отан тарихының өзекті мәселелеріне арналған ашық сабақтарды өткізу;

- ҚР Конституциясына, мемлекеттік рәміздерді білуге, сондай-ақ Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының айтулы күндеріне арналған кураторлық сағаттар өткізу;

- ЖОО-ның «Жас ұрпақ» газетіне және «ЕАГИ хабаршысына» қоғамдық-саяси тақырыптағы мақалалар жариялау;

- жастар ұйымдарының көшбасшыларымен пікірталас алаңдарын ұйымдастыру;

- «Сайлау» рөлдік ойынын өткізу»;

- топ старостасының, ЕАГИ Студенттік парламенті мен студенттік қоғамдық бірлестіктер төрағаларының, студенттік өзін-өзі басқару өкілдерінің институттың алқалы органдарына сайлауына қатысу;

- ЕАГИ-дің студент жастары арасында патриоттық тәрбие мәселелері бойынша әлеуметтік сауалнамалар жүргізу.

## **АЛТЫНШЫ БАСЫМДЫҚ**

**Студент жастардың бойында құндылықтардың ізгілік жүйесін жетілдіру (еңбексүйгіштік, белсенділік, кәсіпкерлік, заңға бағынушылық, сыни ойлау, бастамашылдық, креативтілік және бәсекеге қабілеттілік, экономикалық және әлеуметтік ұтқырлық, жаңа және жасампаздықты тануға ұмтылушылық, үздіксіз өз бетінше білім алуға және өзін-өзі танытуға дайындық), гендерлік теңдік қағидаттарын сақтау, отбасының беделін арттыру және отбасылық құндылықтарды дамыту**

### **Ұсынылады:**

- «Жасыл Ел» республикалық штабы мен Қазақстан Республикасы аймақтарындағы құрылыс отрядтарының қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша республикалық дөңгелек үстелдерге, форумдарға, семинарларға қатысу;

- студенттердің жастар еңбек жасақтарының жұмысына қатысуы;

- түрлі номинациялар бойынша институтта «Дарын» таланттылар байқауын ұйымдастыру және өткізу;

- «ЕАГИ сұлтаны», «ЕАГИ аруы», «Биле! Биле!», «ЕАГИ - фактор» байқауын ұйымдастыру және өткізу;

- «Жылдың үздік кураторы», «Жылдың үздік студенті», «Жылдың үздік академиялық тобы», «Кафедраның ЖІК үздік

төрағасы», «Үздік староста» номинациялары бойынша жыл сайынғы байқауды ұйымдастыру және өткізу»;

- ҚР БҒМ өткізетін Республикалық студенттік ғылыми жұмыстар конкурсына қатысу;

- белгілі мемлекет қайраткерлерімен, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлерімен, мәдениет қайраткерлерімен, жазушылармен, ақындармен, жаңашыл педагогтермен тақырыптық кездесулер ұйымдастыру;

- әйгілі қоғам қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығына арналған кураторлық сағаттар, әңгімелесулер өткізу;

- Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ музыкалық-драма театрының, М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының, Астана Опера театрының, «Астана Балет» театрының, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің мемлекеттік академиялық филармониясының, қазіргі заманғы өнер мұражайының, ҚазҰӨУ Орган залының, Жастар театрының спектакльдеріне, концерттеріне баруды ұйымдастыру;

- «Жастар жалыны» қалалық фестивалінің іс-шараларына қатысу»;

- Студенттердің Нұрсұлтан Назарбаев Қоры ұйымдастырған халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға, еліміздің жоғары оқу орындарында өткізілетін пәндік олимпиадаларға қатысуы;

- «Отбасылық қолайсыздықты ерте анықтау», «Жастар ортасында есірткіге тәуелділіктің алдын алу» тақырыптары бойынша элеуметтік әріптестік шеңберінде оқытушылар мен студенттердің жобалық қызметке қатысуы»;

- «Студенттік қоғамдық бірлестіктердің көшбасшыларын даярлаудың ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздері» арнайы курсы өткізу»;

- «Көшбасшылық және жетістік стратегиялары» бағдарламасы бойынша семинар-тренингтер өткізу»;
- өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру проблемалары бойынша практик психологтармен, педагогтармен, заңгерлермен студенттердің кездесулер циклін ұйымдастыру;
- стартаптар құру мәселелері бойынша кездесулер өткізу;
- адами капиталды дамыту мәселесі бойынша семинар-тренингтер өткізу;
- «Студенттік медиация – жанжалдарды бейбіт жолмен шешу» семинар-тренингтерін өткізу»;
- айтулы оқиғаларға арналған тақырыптық көрмелер ұйымдастыру;
- студент жастарға арналған инфрақұрылымды дамыту, оның дене шынықтырумен, спортпен және көркем шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау.

## **ЖЕТІНШІ БАСЫМДЫҚ**

**Студенттердің кәсіби, ұйымдастырушылық, басқарушылық және кәсіпкерлік құзыреттерін дамыту, студенттердің қаржылық сауаттылығын қалыптастыру, өзіндік инновациялық қызмет дағдыларын қалыптастыру, танымға, ізденуге деген ұмтылысқа, мамандыққа деген қызығушылыққа тәрбиелеу**

### **Ұсынылады:**

- ғылыми-практикалық конференцияларға, пәндік олимпиадаларға, заңтану бойынша «ЦИВИЛИСТ» республикалық мақалалар конкурсына қатысу»;



- студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тарту мәселелері бойынша профессорлар-оқытушылар құрамының қатысуымен дөңгелек үстелдер өткізу;

- ғылыми жинақтарда, журналдарда мақалалар жариялау;

- «Жас ұрпақ» газетінде, әлеуметтік желілерде мақалалар жариялау арқылы болашақ кәсіби қызметті насихаттау;

- жобалық қызметке қатысу;

- «Үздік инновациялық стартап-жоба» байқауларына қатысу;

- «Жас Отан» ЖҚ «Бизнес ментор» республикалық жобасына қатысу»;

- қоғамның табысты өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру;

- Мұғалімдер күні, Қаржыгер күні, Аудармашы күні, Заңгер күні, Психолог күні кәсіби күндеріне орайластырылған іс-шараларды өткізу;

- кафедра филиалдарының қызметін ұйымдастыруға қатысу;

- академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу;

- студенттік ғылыми үйірмелердің, ауызекі ағылшын тілі клубының, студенттік қоғамдық бірлестіктердің қызметіне қатысу;

шетел тілдері апталығын өткізу;

- болашақ мамандық бойынша тақырыптық газеттер, эсселер байқауын ұйымдастыру;

- жетекші ғалымдардың, практиктердің, жұмыс берушілердің қатысуымен қонақ дәрістерін, мастер-кластар өткізу;

- тренингтер, дебаттар, рөлдік және іскерлік ойындар өткізу;

- мемлекеттік және бизнес ұйымдардың, кәсіби үкіметтік емес бірлестіктердің іс-шараларына қатысу;

- «Жастар тәжірибесі» жобасын іске асыруға қатысу.

## СЕГІЗІНШІ БАСЫМДЫҚ

**Салауатты өмір салтының денсаулық сақтау ортасын құру, студент жастарда бейәлеуметтік мінез-құлықтың алдын алу, лудоманияның, интернет – алаяқтықтың, отбасылық – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу**

### **Ұсынылады:**

- «Жастар арасындағы нашақорлықтың алдын алу және оның салдары» тақырыбында арнайы есірткіге қарсы дәрістер мен студенттермен пікірталас өткізу және бейнематериалдар көрсету;

- Халықаралық нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес күніне орайластырылған «Жастар есірткіге қарсы» есірткіге қарсы акциясын өткізу;

- студенттердің «Есірткісіз өмір және білім», «Темекіні таста да денсаулығыңды ұтып ал», «Нұр-Сұлтан қ. – есірткісіз қала», «Нұр-Сұлтан қ. ЖҚТБ-ға қарсы», «Мен сені сүйемін, өмір!» жалпықалалық акцияларға қатысуы;

- студенттердің ЕАГИ психологиялық қызметінің еріктілері «Тең теңімен» әдістемесі бойынша жүргізетін жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бағдарламасына қатысуы;

- салауатты өмір салты мәселелері бойынша әлеуметтік сауалнама жүргізу;

- жастар ортасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға арналған республикалық студенттік жұмыстар конкурсына қатысу;

- құқық бұзушылықтардың алдын алуға арналған

тақырыптық көрмелер ұйымдастыру;

- Нұр-Сұлтан қ. ПД есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасымен бірлесіп нашақорлықтың алдын алу жөнінде пікірталастар өткізу;

- жастар арасында алкогольге тәуелділік мәселесі бойынша студенттердің мамандармен кездесулер циклін ұйымдастыру;

- студенттермен есірткіге қарсы иммунитетті қалыптастыру, АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын алу бойынша семинар-тренингтер өткізу;

- институт студенттерінің, ЕАГИ спорт клубы оқытушылары мен қызметкерлерінің спорттық және фитнес-орталықтарға баруын ұйымдастыру;

- белгілі спортшылармен кездесулер өткізу;

- студенттердің жалпықалалық және институттық спорт жарыстарына, қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша спартакиадаларға, «Денсаулық фестивалі» акцияларына қатысуы;

- студенттердің республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуы;

- салауатты өмір салтын қалыптастыру, жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу мәселелері бойынша кураторлық сағаттар, кездесулер, әңгімелесулер өткізу;

- студенттердің медициналық ұйымдардың мамандарымен кездесулер циклін ұйымдастыру;

- Нұр-Сұлтан қ. «Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС-мен бірлесіп АИТВ-инфекциясының алдын алу бойынша «Қауіпсіздік бағыты» интерактивті форматта акциялар өткізу;

- институт оқытушыларының, қызметкерлері мен студенттерінің экологиялық сенбіліктерге қатысуын ұйымдастыру;

- табиғи ресурстарға ұқыпты қарау мәселелері бойынша кураторлық сағаттар, әңгімелесулер өткізу;

- «Денсаулыққа биле!» есірткіге қарсы насихаттау бойынша флеш-моб өткізу;
- студенттер арасында «Есірткісіз болашақ» тақырыбында фотоконкурс өткізу»;
- «Жас ұрпақ» ЖОО газетінің «СӨС» айдарында тақырыптық мақалалар жариялау»;
- нашақорлық, алкоголизм, темекі шегу мәселелері бойынша студент жастарға арналған буклеттер, жадынамалар, брошюралар, парақшалар әзірлеуге қатысу.

## **ТОҒЫЗЫНШЫ БАСЫМДЫҚ**

**Азаматтық ұстаным мен әлеуметтік белсенділікті қалыптастыруға, жалпыадамзаттық құндылықтарды нығайтуға, әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыруға, жеке өсуге, өзін-өзі ұйымдастыруға, адалдыққа, әділдікке тәрбиелеуге, ынтымақтастықты, өзара көмекті, толеранттылықты, эмпатияны, қоғамдағы еңбексүйгіштік пен қайырымдылықты дамытуға ықпал ететін волонтерлік қозғалысты дамыту**

### **Ұсынылады:**

- ҚР БҒМ «Әлеуметтік студенттік несие» жобасына қатысу;
- әлеуметтік әріптестік шеңберінде жобалық қызметке қатысу;
- психологиялық қызметтің, инклюзивті білім беруді сүйемелдеу бойынша психологиялық-педагогикалық қызметтің, Еуразия гуманитарлық институтының еріктілерін даярлау орталығының жұмысына қатысу;
- ЕАГИ волонтерлік студенттік клубтары: «Zhas Qanat» әлеуметтік клубы, «Асыл жүрек» инклюзивті клубы

өткізетін іс-шараларға қатысу»;

- Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне акциялар өткізу;

- 1-курс студенттерінің жаңа өмір жағдайларына бейімделу бағдарламасын жүзеге асыруға қатысу;

- жоғары курс студенттері үшін «Тең теңімен» бағдарламасы бойынша «Команда құру», «Жеке өсу», «Тиімді коммуникация дағдылары», «Ассертивті мінез-құлықты қалыптастыру» әлеуметтік-психологиялық тренингтерін өткізу;

- Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындары мен колледждері арасындағы «Жастар жалыны» шығармашылық жастар фестивалі аясында «Үздік волонтерлік жоба» номинациясына қатысу;

- «Нұр-Сұлтан қаласының қарттар мен мүгедектерге арналған медициналық-әлеуметтік мекемесі» ММ қонақтары үшін қайырымдылық концерттерін, тренингтерін ұйымдастыру және өткізу»;

- «Тең теңімен» принципі бойынша «Донор бол – Өмір сыйла!» бағдарламасы шеңберінде семинар-тренингтер өткізу

- балалар үйінің тәрбиеленушілеріне психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

- ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған КИТ мектебінің инклюзивті театрының қызметіне қатысу;

- аз қамтылған және көп балалы отбасылар, қажеттіліктері шектеулі адамдар, Сәбилер үйіндегі балалар үшін қайырымдылық акцияларын өткізу;

- халықаралық, республикалық және қалалық деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша еріктілер ретінде қатысу;

- Ұлттық еріктілер желісімен, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «ШАРАПАТ» КММ әлеуметтік қызмет көрсету орталығымен, мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Нұр-

сұлтан қаласы бойынша Департаментімен, Нұр-Сұлтан қаласы Әділет департаментімен, психикалық денсаулық медициналық орталығымен, «Кәсіби психологиялық лига» ҚБ, «Нұр-Сұлтан қаласының қарттар мен мүгедектерге арналған медициналық-әлеуметтік мекемесі» ММ, Нұр-Сұлтан қаласының «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығымен, «Адал Ниет Астана» қарттар үйімен және есте сақтау қабілеті бұзылған адамдар үйімен, «Олимпионик» әлеуметтік қорымен ынтымақтастық.

*Бағдарламаның орындалу басымдықтарын ұйымдастыру және бақылау*

Еуразия гуманитарлық институтының 2021-2025 жылдарға арналған Тәрбие жұмысы мен жастар саясаты Бағдарламасының орындалу басымдықтарын ұйымдастыру мен бақылау тәрбие ісі жөніндегі проректорға, институт кафедраларына, Жастар ісі жөніндегі комитетке, студенттер қоғамдық бірлестіктеріне жүктелген:

- бағдарламаның орындалу барысын талдау және оған түзету енгізуге ұсыныстар жасау;
- бағдарламаның жүзеге асуын ақпараттық және әдістемелік жақтан қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- бағдарламаны атқарушылардың әрекеттестігінің келісімділігі;
- бағдарламаның орындалу барысы туралы жыл сайынғы талдамалық ақпараты.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Адамның жаңа ұрпағын қалыптастыру болашақ маман мен кәсіби шеберді қалыптастыруға бағытталуы тиіс, ал әлеуметтік қызметті қамтамасыз ету ЖОО-дағы тәрбие жұмысы мен жастар саясатының инновациялық формалары есебінен жүргізілуі тиіс.

Қоғамдағы демократиялық өзгерістер білім беру бастамаларының өзегіне сұранысы зор жеке тұлға айналған кезде білім беру жүйесіне гуманистік бағыттылық сипат берді. Жеке тұлғаның қалыптасу үдерісіне тән ерекшелік өзін-өзі танытуға деген: қабылдаған шешімге жауапкершілік сезім, талапшылдық және жақындарының ғана емес, стратегиялық мақсатқа деген ерік-жігер қабілетін қалыптастыру болып табылады. Ересек адамның таным әрекетінің уәждемелігі, оның белсенділігі мен мақсаттылығы білімнің жеке тұлғалық мәнімен айқындалады.

Сөйтіп, тәрбиенің гуманистік мәнінің неғұрлым барабар көрінісі әр студент үшін белгілі бір мамандық шеңберінде өзіңді табу үдерісін қамтамасыз ету болып табылады. Ол мынадай бірқатар шарттармен айқындалады: әр білім алушыда жеке тұлғалық белсенділік деңгейінің жоғары болуы; негізгі үлгіден туындайтын маманға деген талаптың көп нұсқалы болуы; олардың ішінде ең әмбебабы рефлексия болып табылатын өзін-өзі айқындауды жүзеге асыру үшін құралдар мен мүмкіндіктердің болуы.

*Бағдарлама Еуразия гуманитарлық институты Ғылыми кеңесінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №5 хаттамасымен қарастырылған және қабылданған.*

*Институт ректорының 2020 жылғы 30 желтоқсанындағы № 348 Ө/Б бұйрығымен бекітілген.*

*Бағдарламаға Ғылыми кеңес бекіткен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, 2023 жылғы 31 мамырдағы № 9 хаттама.*

**ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
2021-2025 жылдарға арналған  
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ ЖАСТАР САЯСАТЫ  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Компьютерлік теру А.К. Оразова  
Жауапты шығарушы Е.Ф. Катунина